

«Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің
Шешімімен
Бекітілген
2013 ж. «09» тамыздағы №114 хаттама

**«ЭЙР АСТАНА» АҚ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТТЕРІН ТАРТУДАҒЫ САЯСАТЫ**

Алматы 2013

Мазмұны

	Беті
1. Мақсаттар мен түсіндірулер	3
1.1 Жалпы қағидалар	3
1.2 Терминология	3
2. Аудиторды таңдау	4
3. Бейаудиторлық қызметтердің жіктелімі	4
4. Бейаудиторлық қызметтерді бекіту	5
5. Аудиторлық ұйым бейаудиторлық қызметтер көрсеткен кездегі мүдделер қайшылығы	5
6. Мерзімді есептілік	6
7. Жоба серіктесінің ауысуы	6
8. Аудитордың қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа қабылдау	6
9. Аудитор жыл сайын жіберетін растау	7
10. Қорытынды қағидалар	7

1. Мақсаттар мен түсіндірулер

1.1 Жалпы ережелер

1. «Эйр Астана» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тартудағы осы саясатының (бұдан әрі «Саясат» деп аталады) мақсаты — аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (сонымен қатар аудиторлық ұйымдар көрсететін бейаудиторлық қызметтерді) тартудағы тиімді жұмысты ұйымдастыру, оларды таңдау бойынша жүйеленген процедураларды енгізу, аудиторлық және бейаудиторлық қызметтерді көрсету барысында «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Қоғам» деп аталады) аудиторларының тәуелсіздік мәртебесінің сақталуын қамтамасыз ету және мүдделер қайшылығына жол бермеу.
2. Саясатта берілген негізгі қағидалар Қоғамға аудиторлық және бейаудиторлық қызметтер көрсететін аудиторларды әділдігіне немесе тәуелсіздігіне зиян келтірмей тарту мүмкіндігін береді.
3. Саясатта қолданып, тұрақты ұстануға жататын бірқатар бас қағидаттар мен процедуралар берілген.

1.2 Терминология

Осы Саясатта қолданылатын анықтамалар мен қысқартулар:

4. **Директорлар кеңесі** — Қоғамның Директорлар кеңесі;
5. **Аудит жөніндегі комитет** — Қоғамның Директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;
6. **Ішкі аудит қызметі** — Қоғамның ішкі аудит қызметі;
7. **Аудитор** — жасалған шарт негізінде Қоғамға аудиторлық және бейаудиторлық қызметтер көрсететін аудиторлық ұйым;
8. **Аудиторлық ұйым** — аудиторлық қызметпен айналысу үшін құрылған коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметпен айналысу лицензиясы бар аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызметпен айналысуға құқылы), сонымен қатар осы ұйымның үлестес тұлғасы немесе консалтинг және аудит саласында кәсіпқой қызметтер ұсынатын компаниялардың халықаралық желісі;
9. **Кәсіпқой бухгалтерлердің әдеп кодексі** — Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Бухгалтерлерге арналған әдеп стандарттары жөніндегі комитеті шығарған кәсіпқой бухгалтерлерге арналған әдеп талаптарының (әдеп

стандарттарының) жиынтығы.

2. Аудиторды таңдау

10. Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде қойылатын негізгі талаптар мынадай:

1) қызметтердің сапасы.

Аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы келесі факторлармен анықталады:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейі;
- қазақстандық және халықаралық нарықтағы жұмыс тәжірибесі;
- қызмет көрсету жылдамдығы;
- сала бизнесі бойынша білім (аудиторлық компанияның белгілі бір саладағы клиенттері неғұрлым көп болса, ол осы саладағы проблемаларды соғұрлым көбірек біледі және ол мәселелерді оңтайлы шешу жолдарын жылдамырақ табады);

2) қызметтердің құны.

3. Бейаудиторлық қызметтердің жіктелімі

11. Қоғам аудитке қатысы жоқ қандай да бір қызмет көрсету және аудиторлық ұйымға бейаудиторлық қызметтер үшін төленген сыйақы деңгейі мүдделер қайшылығына немесе әділдіктің іс жүзінде немесе ұйғарынды түрде жоғалуына әкелуі мүмкін деп есептейді. Аудиторлық ұйымның ықтимал қызметтерінің әрқайсысы келесі санаттардың біріне жіктелген:

А санаты: аудиторлық ұйымның қазіргі міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін және аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына сай және Кәсіпқой бухгалтерлердің әдеп кодексінде берілген талаптарды ұстана отырып көрсетуі мүмкін бейаудиторлық қызметтері.

Ә санаты: аудиторлық ұйымның қазіргі міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздігінің жоғалуына әкелетін және Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына және Кәсіпқой бухгалтерлердің әдеп кодексінде берілген шектеулерге сай тыйым салынған деп саналатын бейаудиторлық қызметтер.

12. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңына сай міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйым А санатындағы қызметтерді көрсетуі мүмкін.

13. Қоғам өзінің міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды Ә санатындағы

қызметтерді көрсетуге тартпайды.

14. Аудит жөніндегі комитет бейаудиторлық қызметтердің жіктелу дұрыстығы туралы мәселені қажетінше тексереді.

4. Бейаудиторлық қызметтерді бекіту

15. Аудиторлық ұйымды А санаты бойынша қызметтерді көрсетуге тартпастан бұрын, Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала мақұлдауы алынуы қажет. Аудиторды анықтауға қатысты сұрау аясында аудиторлық ұйым алынған мақұлдаудың аудиторлық ұйымның тәуелсіздігіне қатер төндірмеу себептерін көрсетуі тиіс. Осы мәселеге қатысты Аудит жөніндегі комитетке берілетін материалдардың ішінде Аудитордың бір жыл ішінде көрсеткен бейаудиторлық қызметтері үшін жасалған төлемдер көрсетілген кесте қызметтердің түрлі санаттарына бөлініп берілуі тиіс, сонымен қатар көрсетілетін қызметтерге байланысты төленуі тиіс сыйақы көрсетілуі керек.
16. Аудит жөніндегі комитет Саясаттың 15-тармағы бойынша қабылдаған шешімдер Директорлар кеңесінің назарына ұсынылады.

5. Аудиторлық ұйым бейаудиторлық қызметтер көрсеткен кездегі мүдделер қайшылығы

17. Қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу қызметі көрсетілген кезде Қоғам төмендегілердің салдарынан аудиторлық ұйымның тәуелсіздігіне қатер төну мүмкіндіктерін қарастыруы тиіс. Бұлар:
 - 1) осы аудиторлық ұйым бұрын көрсеткен қызметтердің сипаты;
 - 2) осы аудиторлық ұйыммен қаржылық есептілікте қамтылған кезең ішіндегі немесе одан кейінгі қаржылық немесе іскерлік қарым-қатынастар.
18. Қоғам аудиторлық ұйымның өзін-өзі бақылау қатерінің алдын алу үшін немесе мұндай қатерді қолайлы деңгейге дейін азайту үшін шаралар қабылдамаған немесе қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам мұндай аудиторлық ұйымның қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу қызметтерін қабылдай алмайды.
19. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңында берілген жағдайларда аудиторлық ұйымға аудит өткізуге тыйым салынады.
20. Қоғам аудиторлық ұйымнан қабылдайтын қызметтер келесі жағдайларда орын алуы мүмкін әділдік және құпиялық қағидаттарын бұзбауы тиіс. Бұл жағдайлар:
 - 1) аудиторлық ұйымның көптеген қатысушылары Қоғамның бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындарының немесе сол сияқты

қауымдастықтарының болуы;

2) аудиторлық ұйымның Қоғамға және мүдделері қайшылықты немесе мәселелер, операциялар және проблемалар бойынша бір-бірімен пікірталас және дау күйіндегі басқа ұйымдарға қызмет көрсетуі.

6. Мерзімді есептілік

21. Қоғамның бухгалтерлік есеп және сыртқы аудитормен жұмыс атқару мәселелерін қадағалайтын Бас бухгалтері жылына кемінде бір рет Аудит жөніндегі комитетке 12 айға тең өткен кезеңнің ақпаратын қамтитын есептің берілуін қамтамасыз етеді. Есепке кіретіндер:

1) Аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтің көлемі;

2) Аудитор көрсеткен бейаудиторлық қызметтің көлемі (қызметтердің түрлі санаттарына бөлініп көрсетіледі);

3) Қоғам Аудиторға осындай қызмет көрсеткені үшін төлеген сыйақы (әр жеке қызмет және барлығы үшін).

7. Жоба серіктесінің ауысуы

22. Қоғам Аудитордан бес жыл сайын (аудит үшін негізгі жауапкершілікке ие) жоба серіктесінің ауысу қағидатын ұстануды талап етуі керек. Аудитор осы нәтижеге қол жеткізуге қатысты орнын басушылық жоспарын дайындап, ауысуға дейін бір жылдан кешіктірмей Аудит жөніндегі комитеттің талқысына беруі тиіс.

8. Аудитордың қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа қабылдау

23. Қоғамның Вице-президенті, Директоры немесе Бас бухгалтері лауазымына Қоғамның міндетті аудитіне Аудитордың қызметкері ретінде немесе Қоғамға тағайындау (сайлау) күнінен бұрын екі жыл бойы Қоғамның міндетті аудитіне Аудитордың қызметкері ретінде қатысқан тұлғаны тағайындау (сайлау) ұйғарылған жағдайда, мүдделер қайшылығы орын алмауы ұсынылған үміткерді тағайындау (сайлау) мәселесін Аудит жөніндегі комитетке алдын ала мақұлдату қажет.

9. Аудитор жыл сайын жіберетін растау

24. Аудитор Аудит жөніндегі комитетке (жылына кемінде бір рет) мыналарды растайды:
- 1) Аудитор тәуелсіздігінің сақталғанын;
 - 2) Аудитордың және оның серіктестерінің Қоғамда ешқандай қаржылық мүдделері жоқтығын;
 - 3) аудиторлық топ мүшелерінің Қоғамда ешқандай қаржылық мүдделері жоқтығын;
 - 4) осы Саясатта берілгеннен басқа жағдайларда, Қоғам мен Аудитор арасында басқа қызмет көрсету жағдайлары жоқтығын;
 - 5) Қоғам Аудиторға төлейтін сыйақының ешқандай бөлігі төтенше жағдайлардың пайда болуы негізінде төленбейтінін;
 - 6) Аудитор Қоғамға әр көрсеткен қызметі үшін алған жалпы сыйақы сомасы Аудитордың Қоғамнан қаржылық тәуелсіздігіне айтарлықтай әсер етпегенін. Оның шегі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі Сертификатталған Бухгалтерлерінің Алқабилер Қауымдастығының Кәсіпқой әдеп ережелеріне (the ACCA Rules of Professional Conduct) сай Аудитордың жалпы табысының 15 пайызынан аспауы тиіс;
 - 7) Қоғам мен Аудитор арасында ешқандай дау жоқтығын.
25. Аудит жөніндегі комитет жыл сайын Директорлар кеңесіне Аудитордың осы Саясаттың 24-тармағында аталған растауды бергенін растайды.

10. Қорытынды қағидалар

26. Осы Саясаттағы талаптардың өзектілігі анда-санда бағаланып отыруы тиіс. Аудит жөніндегі комитет Саясат талаптарының ұсталыну мәселелерін қажетінше тексеріп отырады, бұл мақсатта ол Ішкі аудит қызметін тартуы мүмкін.